

Семей Мемлекеттік медицина университеті
Қазіргі Қазақстан тарихы және жббп кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Философиялық
антропология: ойдың даму
тарихы мен негізгі мәселелері.

Орындаған: *Өкен Д.Е*
221-топ ЖМФ

Тексерген: *Купанова С.А*

Семей 2016

Жоспар

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

- **2.1. Антропологияның бағыттары**
- **2.2. Адамның ойлау қабілетінің негізгі ошағы**
- **2.3. Адам мен әлемнің қалыптасуы туралы әртүрлі теориялар**

3. Қорытынды

4. Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе

Гректің **антропос** – «адам» және **логос** «ілім» сөзінен құралған, антропология дегеніміз – адам туралы ғылым.

Антропология адамның табиғи құрылысын, оның бейімдері мен дағдысын, тілін, өнерін, діні мен өркениетін зерттейді.



Антропологияның 3 маңызды бағыты бар:

Адамның табиғаттағы орнын қарастырып, басқа тіршілік иелерінен айырмашылығын анықтайды. Осы мақсатта адамның табиғи қасиеттері мен дамуының, өркениетінің өзара байланысына назар аударады.

Адамның нәсілдерін анықтап, жүйелеумен тығыз байланысты. Ол **этнология** деп аталады.

Антропометрия деп аталады. Бұл ғылым адамның табиғи өлшемдерін бойын, салмағын, әртүрлі нәсілдің өкілдерінің сүйектерінің көлемін зерттейді.



Адам - философияның өзекті, байырғы және өте маңызды мәселесі. Философияның адам мәселесін арнайы зерттейтін бөлігі **антропология** деп аталады. Оның негізгі сұрағы – «Адам дегеніміз не» мәселесі. Адам туралы толық мәліметті пәнаралық зерттеу аясында көптеген ғылымдардың көмегімен жинақтауға болады.

Философиялық антропологияның басқа ғылымдардан айырмашылығы, ол адамды жалпы дүниетанымдық тұрғыдан зерттейді.

Жалпы, біртұтас, іргелі антропологиялық мәселелерді қарастыра отырып, адамның мәнін, өзіндік ерекшелігін түсіндіреді.

Адамның қалыптасуы туралы әртүрлі концепциялар.

Философия адамды таңғажайып тірі Жан деп қарастырады. Адамның табиғаты мен мәні, оның өмір сүруінің мағынасы мен мақсаты аса күрделі дүниетанымдық мәселелер болып табылады.

Әлеуметтік антропогенез теориясы Адам бұдан 30-40 мың жылдар бұрын қалыптасты деп есептейді. Жалпы Адам тарихы 3 млн. жылды қамтиды. Ол алғашқы Орталық Африкада пайда болып, кейіннен жер шарының барлық түкпіріне тарады.



Әлеуметтік организмнің ең нәзік бөлшегі, жаңа Адам әлемі – мәдениет әлемнің бастауы, адамның рухани әлемі қалыптасты. Адамның даму эволюциясында екі қарама – қарсы бағыт қалыптасты.

- Бірінші – сыртқы дүние туралы білімнің өсе түсуіне негізделген оның өзіндік еркіндігі, құрал – саймандар мен мәдениеттің дамуы.
- Екіншісі – адамның өз қолымен дамып отыратын екінші табиғаттың күрделене түсуіне байланысты оған оның бағыныштылығының арта түсуі.



Адам өзінің даму эволюциясында ең соңғы нүктеге, яғни «Омега нүктесіне» жетуге ұмтылады. Философтың ойынша, «Омега» нүктесі эволюцияның аяқталып, сүйіспеншілік негізінде бір – біріне ұмтылатын жалпы бірігу мен әлемдік гармонияның бастауы болып табылады. Бұл әлем бөлшектерінің бірін – бірі іздестіріп, өзара гармонияда бірігуі. Омега нүктесі - Әлем мен Адамзаттың болашағы, эволюцияның ең жоғарғы полюсі. Онда барлық индивидтер мен халықтардың өзара келісуі болады.



Қорытынды:

Адам табиғат шындығына бойлай отырып, оның «адамға тәуелсіз өз ерекшелігін» (Герцен) танып білу деңгейіне көтерілді.

Сөйтіп, әлеуметтік организмнің ең нәзік бөлшегі, жаңа Адам әлемі – мәдениет әлемнің бастауы, адамның рухани әлемі қалыптасты. Адамның даму эволюциясында екі қарама – қарсы бағыт қалыптасты. Бірінші – сыртқы дүние туралы білімнің өсе түсуіне негізделген оның өзіндік еркіндігі, құрал – саймандар мен мәдениеттің дамуы. Екіншісі – адамның өз қолымен дамып отыратын екінші табиғаттың күрделене түсуіне байланысты оған оның бағыныштылығының арта түсуі.

Пайдаланылған әдебиеттер

- *Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. Оқулық.-Алматы: “Ғылым” ғылыми баспа орталығы, 2005.-360б.
- *Философия. –оқулық.-Серік Мырзалы:- Алматы “Эверо” 2011ж.-672б.
- *Алтаев Ж., Қасабек А., Мұқамбетәлі Қ. Философия тарихы-Алматы, 2000.

